



ЫІ. Алтынсарин атындағы облыстық
балалар мен жасөспірімдер кітапханасы

Ақпаратты - библиографиялық бөлім

Областная библиотека
для детей и юношества им. И. Алтынсарина
Информационно-библиографический отдел

«Біздің заманымыздың
жазушылары!»

сериясы
Серия

«Писатели
нашего времени!»



Сабит Мұқанов

(1900-1973)

Биобиблиографиялық көрсеткіш

Қостанай 2009

«Біздің заманымыздың жазушылары» атты биобиблиографиялық көрсеткіш сериясына тағы бір көрсеткіш ұсынып отырмыз. Бұл – балалар, жасөспірімдер, жастар арасында, және Қазақстан әдебиетін оқытатын мұғалімдер арасында көкейтесті тақырып болып отыр.

Бірінші көрсеткішіміз **Мұқағали Мақатаевтың** өмірі мен шығармашылығына арналған. Екінші көрсеткішіміз **Олжас Сүлейменовке** келесі көрсеткіш **Сабит Мұқановқа** арналады.

Біздің көрсеткіштің мақсаты – кітап қорындағы материалдарды жинап, белгілі деген қазіргі заманның жазушыларының өмірі мен шығармашылығын оқырмандарға қазақ және орыс тілдерінде таныстыру. Көрсеткіште Ы. Алтынсарин атындағы ОБЖК кітап қоры пайдаланылды. Құрамында көлемді биографиялық материал, автордың шығармалары, өмірі мен шығармашылығы беріледі.

Көрсеткіштердің анықтамалық аппараты авторлардың, кітаптардың аты және мерзімді басылымдар тізімі алфавит бойынша беріледі.

БАЙЛАНЫС БАҒЫТЫ

Сіздер өздеріңіздің қалаған жазушылардың қызықты шығармалары, өмірбаяны және шығармаларымен танысқыларыңыз келсе осы жерде көрсете аласыздар

Сіздердің пікірлеріңізді мына мекен – жай бойынша күтеміз:

110000 Қостанай қаласы

Қасымқанов көшесі 74 үй

Ы. Алтынсарин атындағы ОБЖК

Ақпараттық – библиографиялық бөлім

Тел: 54-84-63, 54-11-61, 54-09-66

E-mail: albiblio@yandex.ru

Қазақ әдебиетінің тарихы мен тағдырын әңгіме еткенде, Сәбит Мұқанов есімі бірінші қатарда тұрады. Ол кешкен жол, еткен еңбек, көркем шығармалық дүниесі, тағлымы-бәрі мол өнеге. Қаламгер ісі мен есімі қазақ әдебиетімен біте қайнасқан, ол кешегі бүкіл совет әдебиетінің ірі қайраткері болды.

Сәбит Мұқанов 1900 жылдың 26 сәуірінде Ақмола губерниясына қарасты Петропавл уезінің Таузар болысында (қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы, Мұқанов атындағы сохоз) туған. Жазушының туып өскен дәуірінде жалғыз оқу-барлық қазақ ауылындағы сияқты молда оқуы болатын. Жас Сәбит осы молдадан оқып, арабша хат таниды. Ел арасынан көп тараған қисса поэмаларды оқитындай сауаты ашылады. Әуелден өлең-жырға, ертегі-әңгімеге әуес бала әдебиет үлгілерін тауып, оқи бастайды. Ол кездегі азын-аулақ қазақ кітаптары да ескі өзбек немесе татар оқығандарының қолында болатын. Алғашқы қазақ кітаптары Қазанда, Петербургте шыққан. Талантты жастың қолына осындай әр қилы кітаптардың ішінен татардың классик ақыны Ғабдолла Тоқайдың, Абайдың кітаптары түседі. Бұл-қараңғыда нұр жауғанмен бірдей еді. Өйткені поэзиядан түсінігі молайған Сәбитке нағыз керегі де осындай шыншыл, түсінікті поэзия болатын. Абай мен Тоқайдың мағынасы терең, нәрі мол, әрі сұлу өлеңдері көкейіне қонып, Сәбиттің кейін ақындық, жазушылық жолға түсуіне көп әсер етеді.

Ендігі мәселе-білімді тереңдету. Ескі оқумен алысқа бару жоқ екенін түсінген С. Мұқанов Омбы қаласындағы мұғалімдік оқуға түседі. Оны бітірген соң, көп ұзамай кеңес қызметіне көшеді.

1922 жылы Орынбар қаласында жұмысшы факультетінде (рабфак) оқиды. Осы кезде орысша үйреніп, орыс әдебиетінің үлгілерімен танысып, поэзияның үлкен дариясынан сусындайды. Біліміне ақындық таланты ұштасқан С. Мұқанов осы кездерде бірнеше өлеңдерін шығарады, ал 1926 жылы рабфакті бітіріп шыққан соң «Батырақ», «Октябрь өткелдері», «Сұлушаш» поэмаларын жазады. Өлеңдері мен поэмалары бірнеше кітап болып басылады. 1927 жылы Қазан төңкерілісінің он жылдығына С. Мұқанов бас болып қазақ ақындарының өлеңдерін жинап «Ленин» және «Ақындар шашуы» деген екі кітап бастыртады.

1926-1928 жылдары С. Мұқанов республикалық «Еңбекші қазақ» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінде, баспа орындарында қызмет істеген. Мұнан кейінгі жылдарда Ленинград университетінде, кейін Мәскеудегі қызыл профессура институтында оқып, оны 1935 жылы бітіріп шығады. Осы кезеңде С. Мұқанов белгілі «Майға сәлем», өлеңін, «Көмір-коммунизм», «Ақ аю» поэмаларын жазады.

1935 жылы С. Мұқанов жаңадан шыға бастаған «Қазақ әдебиеті» газетінің редакторы болып қызмет істейді. 1936-1937, 1943-1951 жылдары Қазақстан

Жазушылар одағының төрағасы қызметін атқарады. 1951-1973 ж. Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының мүшесі, 1954 ж. Қаз. ССР ҒА-ның академигі, 1956-1966 ж Қазақстан КП(б) орталық Комитетінің, Советтік бейбітшілік комитетінің мүшесі, Араб, шығыс елдерімен достық және мәдени байланыстың советтік қоғамы қазақ бөлімшесінің төрағасы, Қазақ ССР Жоғары Советінің бірнеше рет депутаты, КПСС XXIII съезінің делегаты, бейбітшілікті қорғаудың 1949, 1950, 1951, 1952 ж конференцияларына қатынасқан. Ленин орденімен екі рет, Еңбек Қызыл Ту орденімен екі рет, «Құрмет белгісі» оденімен және медальдармен марапатталған.

С. Мұқановтың қаламынан шыққан ірі туындылар-«Ботакөз» романы (1938 ж, бұрынғы аты «Жұмбақ жалау») және «Сөз-Советтік Армия» (1938 ж.), «Менің мектептерім» (1941 ж.), «Колхозды ауыл осындай» (1937 ж.) сияқты поэмалар мен мемуарлық шығармалар.

С. Мұқанов Ұлы Отан соғысы жылдарында неміс фашист басқыншыларын әшкерлейтін бірнеше уытты өлеңдер, очерк, әңгімелер жазды. Совет адамдарының майдан мен тылдағы ерлігін, қаһармандығын паш етті. Осындай тақырыпқа «Гвардия, алға!» деген либереттосы арналды.

1943 жылдан 1951 жылға дейін С. Мұқанов екінші рет Жазушылар одағының төрағасы болып қызмет етті. Бұл жылдары әдебиеттің жас кадрларын тәрбиелеу, жаңа тақырыптағы игеру, заманға лайық көлемді шығармалар беру міндеті саласында С. Мұқановтың тәрбиелік, ұстаздық еңбегі елеулі.

С. МҰҚАНОВТЫҢ ПОЭЗИЯСЫ

С. Мұқановтың поэзия саласындағы еңбегінен бастасақ, төңкеріс қарсаңында өмір туралы, адам, арман туралы бірнеше өлеңдер жазғанын айтар едік. Соның ішіндегі ең маңыздысы-1919 жылы жазылған «Бостандық» өлеңі. Бұл өлеңде әлеуметтік, қоғамдық мәселе көтерілді. Адамның бас бостандығы, елдің, таптың, кедейлер табының азаттығы, тәуелсіздігі жоғары пафоспен оянған сана-сезім күшімен айтылады

Бұл бостандық көктен бізге келмеді,
Ешкім бізге сыйлап және бермеді.
Мұнда қазір ортағы жоқ өзгенің,
Бұл бостандық-жұмыскердің жеңгені.

Бұл шумақтан еңбекші халыққа келген бостандықты ақынның факт ретінде ғана емес, оның саяси, таптық мағнасын насихаттайтынын көреміз. Қазан төңкерілісі әкелген бостандық Орталық Ресей халқы үшін де, езілген еңбекшілердің, айбынды жұмысшы табының ондаған жылдар бойғы күресінің

нәтижесі деп ұғылды. 1920 жылы жазған «Кедей баласы» өлеңінде С. Мұқанов сол төңкеріс тақырыбын онан әрі кеңейте түседі, таптық қырын өткірлей береді. Қанаушы таптың қазақ аулындағы өкілдері бай, би, молдалар, олардың қолданар әдістері алдау, арбау, дінмен көзді байлау деп ұғады:

Молдекерлер енді алдауға бата алмас,
Құдай-дағы жұмағын малға сата алмас.
Енді байлар бостандыққа бір адым
Баса алмас та кедейменен қатарлас...
Еңбекшілер, ендігі күн сенікі!

Кейін коллективтендіру, индустрияландыру дәуірінде С. Мұқанов көптеген жаңа өлеңдер жазды. Бұлардың қай-қайсында болса да, ақын жаңа құрылыс майданындағы қайнаған жаңа еңбекті, жаңа өмір орнатып жатқан жұмысшы, малшы, егіншілерді негізгі тақырып етеді. Колхоз бен совхоз, қаладағы зауыт пен фабрикалар ескі феодалдық қалыптан бостандыққа бір-ақ секірген дала адамының қиялына сыймайтын өзгеріс, жаңалық деп ұғып, соны ақын бейнелей суреттейді. Жаңа заман қуаныштарын сол қарапайым адам тұрғысынан қарап мақтан етеді және сол еңбекшіні алға жетелейді, шапшаң басуға шақырады. 1933 жылы жазылған «Майға сәлем!» өлеңінде ақын дүниежүзі еңбекшілерінің ынтымақ білдіретін күні- майды тек жасыл көктем, шуақ күн деп қана жырламайды, бұл күн бүкіл халықтың қолына ту ұстап, күреске шығатын, бостандыққа ұмтылатын, азат еңбекке бастайтын күн дегенді уағыздайды. Май мейрамының өзін ақын «жолдас» деп атап, оны жаңа адам, жұмыскер бейнесінде елестетеді:

Мың сәлем саған,
Мәңгі, жолдас майым!
Сен жылда жас жігіт боп келген сайын,
Жер жібек, барқыт киіп,
Жамыл желек
Бүркенеді үйеңкі, терек, қайың!
Басқаға қымбат, саған тегін, арзан,
Түрлі гүл, інжу, жақұт, лағыл, маржан
Үстіңе төгіледі.
Үкің-бұлт
Қалпағың-күн
Найзағай-қылыш қазынаң.

«Майға сәлем!» С. Мұқановтың форма жағынан тапқан зор жаңалығы. Жол салдары, буыны, ырғағы жағынан бұрынғы қазақ поэзиясына ұқсамайтындығы үзіндіден көрініп тұр. Мұның өзі өлеңнің жаңа өмір тынысына, оның қарқынына

индустриялы, қолхозды, совхозды сипатына арналып жазылғандықтан еді. 1928 жылы ақын драмалы оқиғаға құрылған «Сұлушаш» поэмасын жазды. Поэманың 20-жылдардағы бүкіл қазақ поэзиясының маңдай алды шығармасы болып саналуына ақынның көп ізденуі, сюжет тартымдылығы, тіл шеберлігі және оның халықтық сипаты себеп болды. Және поэмаға арқау еткен оқиғаның таптық мәні зор еді: ескі қазақ аулындағы әлдінің озбырлығы мен әлсіздің қорлығы, әсіресе адамның бас бостандығының жоқтығы өте айқын суреттелген. Поэманың өлеңдік, поэзиялық тартымдылығы да оқушыларға әсер етпей қойған жоқ. Поэманың бар оқиғасы Алтай мен Сұлушаштың төңірегіне құрылған, осы екі жастың сүйіспеншілігі бір-біріне махаббаты жырланады. Алтайды Сұлушашқа тең көрмейді. Бұл екуінің бірін-бірі жан-тәнімен жақсы көрген, бар жүрек лүпілімен бір-біріне ұмтылған адал, албырт сезімдерін феодалдық қара күш аяққа таптап жаныштайды. Сүйгенінен айырады.

Ақырында қуғын-сүргін көрген Алтай мен Сұлушаш қайғыдан құса болып, азапта өледі. Ақын халық арасындағы аңызды алып, екі жастың орындалмаған арманын хикая етеді. Ақын аянышты өткен екі өмірдің тағдырын қызықтау, оған тамсану мағынасында жырламайды, поэмаға күшті әлеуметтік арқау беріп, ол арқылы қазақ даласында өткен әділетсіздікті әшкерелейді, кіршіксіз таза екі жанның арманына жете алмай, қыршын кетуі сол заман кеселінен, таптық теңсіздіктен деген ойды уағыздайды.

Басқаны Сұлушаштың сүйері жоқ,
Алтайдан басқа көңілі иері жоқ.
Кездескен қай мырзаға көз салса да,
Ішінде тап Алтайдай жүйелі жоқ.

Кейін атастырған күйеуіне зорлап апарылған Сұлушашты Алтай құтқарып алады. Бірақ қуғындағы өмір сүйіскен жастарға бақыт орнына азап әкеледі. Ақыры «мен сендік, сенер болсаң сырым осы, қосылмасам өлемін батып қанға» деп серт берген Сұлушаш жартастан суға құлап өледі. Атыс-шабыс, торуыл кездерінде Сұлушаш қайсарлық, табандылық, ақылдылық көрсетуімен оқушыны сүйсіндіреді. Жаны таза, махаббатына берілген, адал көңілді Сұлушаш қара түнек заманның осылай құрбаны болады.

Алтай поэмада батыл, ер жүрек жан болып суреттелген. Оның бар өмірі байдың малын бағумен өткен. Көрген азабы ұшан-теңіз. Содықтан да кек пен өш оған айрықша күш береді. «Сол бейнеттің бәрін де көргенімен, болып өсті ер Алтай ер сымбатты,-дейді ақын.

Бір доғал, жасынан бір бетті болды,
Кекшіл қасқыр сықылды кекті болды.
Аузынан шыққан сөзден қайтпайтұғын

Сөз ұстағыш, қажырлы сертті болды...

Бала күннен әлдінің қылығы өтіп,

Жас күнінен өзегі өртті болды.

«Сұлушаш» поэмасы-нағыз реалистік шығарма. Оның қаһармандары-ойдан жасалған, қиялдан шыққан жансыз, қансыз суреттер емес, өмірдің қайнар бұлағынан алынған таза жанды, жалшылық тірлігі, бай үйінің суреті асқан шыншылдықпен берілген. Революциядан бұрынғы ауыл келбеті, кешкі мезгіл, айлы түн, таң алдында өрген мал, құрық ұстаған жылқышы мен қымызды жатып ішер байдың жалқау, маужыраған кейпі-бәрі де нанымды, шебер суреттелген. Әсіресе Алтай мен Сұлушаштың ішкі жан толқыны, көңіл серпілістері, оттай лаулаған сезім мен аңсаған армандары көркем де шебер суреттелген. С. Мұқанов-қазақ поэзиясын жоғары сатыға көтерген ақын. Үлкен прозаик болып кейін қалыптасса да, оның поэзияға қосқан үлесі орасан зор. Еліміздің бай өміріне арнаған айта қаларлықтай поэзия үлгілерін қалдырды.

С. МҰҚАНОВТЫҢ ПРОЗА ЖАНРЫНДАҒЫ ЕҢБЕГІ

Қазақ әдебиетінің проза жанрын өсіріп-өркендетуде С. Мұқанов-үздік еңбек еткен жазушы. Бұрын тек поэзиялық шығармалар, яғни халық аңыздары, басым болып келген қазақ әдебиеті тек ХХ ғасырдың басында, әсіресе кеңес дәуірінде, түрлі жанрлармен байыды. Поэзия, проза, драма, сын, кино салаларында сан алуан шығармалар бар. Бұл, әдебиеттің күрделі өскендігін, басқа озық мәдениетті халықтардың әдебиеті сияқты бейне, тақырып жағынан жоғары екендігін байқатады.

С. Мұқановтың алғашқы прозасы «Адасқандардан» басталады (1928). Бұл роман 1927-1928 жылдары болған оқиға негізінде жазылған. 1959 жылы ұзақ жылдар бойғы сын мен ескерту пікірлерді ескере отырып, жазушы романды өңдеп, толықтырып «Мөлдір махаббат» деген атпен шығарды. Романда Бүркіт пен Бәтестің махаббат тарихы айтылады. Жазушы 1927 жылы кісі өлімі қаралған сотта қоғамдық айыптаушы болып сөйлеген. Сот ісі Бүркіттің Мүсәпірді өлтіруінен басталады. Ескі әдет-ғұрыппен шырмалған ауыл адамдары, әсіресе байлар мен ұлтшылдар Бүркіт пен Бәтестің қосылуына қарсы болады да, Бәтес қалаға оқуға кетеді. Осы кезде Мүсәпір оны алдап қолға түсіріп үйленеді. Бойын қызғаныш билеген Бүркіт Мүсәпірді атады. Жазушы романға осы оқиғаларды арқау еткен. Бірақ бар мәселе от басындық мөлшерде, үйлену-үйленбеу, сүю-сүймеу сияқты мәселенің төңірегінде қалмайды, таптық, қоғамдық, жалпы әлеуметтік жайлар терең қозғалады. Оқиғаның өсіп-өнуі, шиеленісуі, кейін шешілуі көбіне осы қоғамдық мотивтерге байланысты жүріп

жатады. Мәселен, Бүркіттің әкесі кісі жалдаған ірі бай есебінде сотталады. Елде жаңа жер бөлісі басталады, кәмпескелеу жүреді. Бұл сәтте таптық өшпенділік күшейіп, қастандық істеу үшін байлар бар әдісті қолданады. Соның бірі – Бүркітті қол шоқпар ету. Ол өзі де осыған даяр жан. Ақырында алданған, қорланған Бәтес (ол да байдың қызы) шырмауда қалады, қазақтан шыққан алғаш коммунист әйелдердің көмегімен жаңа өмірге араласуға мүмкіндігі бола тұрса да, оған Бәтестің идеялық түсінігі, ұғымы жете бермейді. Адасқан жан есебінде өкініш пен күйініште қалады. Романның алғаш аты осыдан шыққан. Бірақ автор кейінгі нұсқасында көп өзгерістер енгізіп, Бәтес махаббатын таза, мөлдір махаббат етіп суреттеп, оны романның ұнамды кейіпкері ретінде көрсеткен.

Алғаш қазақ романдарының бірі болған «Мөлдір махаббат» кезінде оқушы жұртшылықтың көп назарын аударып, көп сын, ескерту айтқан, бірақ сүйіп оқыған шығармасы ретінде әдебиет тарихына енді. Кейінгі жылдарда очерк, әңгіме, повесть, романдарды С. Мұқанов көп жазды. «Алтын аймақ», «Каспийге саяхат» сияқты ірі-ірі очерктер жинағы шықты. «Балуан Шолақ» (1944) повесін, «Сырдария» (1949) романын жазды. Мұның бәрі С. Мұқановтың проза саласында аса көп еңбек еткенін дәлелдейді.

«Болуан Шолақтың» негізгі арқауы-қазақтың ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басында өмір сүрген, атақты әнші, ақын, композитор, балуан дегендей бір басына алуан өнер жиған өнерпазы – Нұрмағамбет Баймырзақұлының өміріне арналған. Нұрмағамбеттің-Балуан Шолақ аталуының сыры көпке мәлім. Сәбит Мұқановтың қай тақырыбын алсақ та халық тарихы мен тағдырын сабақтастыра көрсете білген. «Балуан Шолақ» та осындай шығармашылық тұрғыда жазылған. Бұл шығарма бір ғана Нұрмағамбет өмірін суреттеумен шектелмеген қазақ халқының төңкеріс алдындағы тұтас тіршілік тынысын танытқан шығарма.

Өнер тақырыбы, өнерпаз тағдыры жайлы алғашқы прозалық шығармалардың бірі болып дүниеге келген-Балуан Шолақ». Оның азан шақырып қойған аты Нұрмағамбет. Кейін қолының басы отқа күйіп, саусақсыз қалады. Нұрмағамбет өзінің бір өлеңінде:

Баласы Баймырзаның Балуан Шолақ,
Оң қолым отқа күйіп болдым олақ, - дейді сонымен шолақ
атанып

кетеді. Ал, «Балуан» деген сөз Шолақтың күшіне байланысты халықтың өзінің қосқаны. Балуандық, әншілік, ақындық, серілік Балуан Шолақтың бір басынан табылады. Балуан барған ауыл ұлы думанға айналады. Халық осындай арқалы батырды қолдап, еркелетіп тіпті «сегіз қырлы» жігіт осы болар дегендей баға береді. Балуан да еркелігін көтерген еліне әзілдеп:

«Атандым Нұрмағамбет-Балуан Шолақ,
Бір қолым үсіп кетіп болды молақ.
Сұлу қыз, келіншекке тиышсыздауым,
Жалғыз-ақ тал, бойымда мінім сол-ақ!»

Жазушы Балуан бойндағы батырлық қасиетті дүние жүзінің чемпионы Каронмен белдескеде танытады. С.Мұқанов Балуан бойындағы тағы бір асыл қасиет әншілік өнерін танытады. Жақсы да көркем жазылған роман, повестердің ішінде ең жоғары баға алып, халықтың төл шығармасындай болып кеткен «Ботакөз» романын ерекше атап айту қажет. Әуелде роман «Жұмбақ жалау» деген атпен 1938 жылы басылып шықты. Кейін автор көпшілік оқушылардың сұрауымен және біраз өңдеу, толықтыру енгізуге байланысты кітаптың атын «Ботакөз» деп өзгертті. Романның кейіпкері, бүкіл оқиғаны, сюжетті ұстап тұрған басты образ-Ботакөз, қазақ қызының образы. «Ботакөз» романы композициялық құрылысы жағынан үлкен үш бөлімге бөлінеді. Бірінші бөлімі «Тұңғиықта» ХХ ғасырдың бас кезіндегі қазақ қауымын суреттеуге арналған, екінші бөлімі «Таң атарда» қазақ ауылында бай мен кедей арасындағы наразылықтың үдей түсуі, әсіресе 1916 жыл оқиғасына байланысты таптық күрестің өршуі, патшаның июнь жарлығы салдарынан ұлт-азаттық қозғалысының тууы сөз болады, үшінші бөлімі «Күн күлімдегенде» Қазан төңкерісі кезеңін, онан соңғы азамат соғысы жылдарын, қазақ даласында жаңа өмірдің алғашқы ұшқындары ене бастаған кезеңді қамтиды. Романның үш бөлімінде бас-аяғы он-он бес жылдың оқиғасы айтылады. Бұл тек Қазақстан көлемінде ғана емес, бүкіл Ресей, тіпті дүние жүзі көлемінде тарихи оқиғаларға толы кезең еді.

Романның атына лайық оның ең басты кейіпкері Ботакөз. Қазақ поэзиясы мен прозасында, сондай-ақ драматургияда сол кезеңде тап Ботакөздей қазақ қызының бейнесі жасалмаған еді. Рас, ауыз әдебиеті туындыларында революциядан соң шыққан түрлі аңыз, ертегілерден алынған шығармаларда, жаңа өмірге арналған алғаш повесть, әңгімелерде ондай кейіпкерлер болды. Сәкен Сейфуллиннің Айшасы, С. Мұқановтың Сұлушашы т.б. Бірақ жаңа, социалистік өмір үшін саналы күреске шығып, аға-іні бауырларымен майданда өмірдің ащы-тұщысын бірге татып, қоғамдық-саяси іске белсене араласып, қазақ қызына тән сан алуан қасиетті толық көрсете алған кейіпкер-Ботакөз. Тарихи кезеңнің қиын-қыстау жылдарында өсіп, ер жеткен, оқу білім алуы да сан қилы оқиғалармен тұс келген, бірақ саналы күрескер болып қалыптасуына әсіресе тұрмыс сабағының әсері көп болған Ботакөз жаңа заман табалдырығын аттаған бүкіл қазақ әйелінің бейнесін елестетеді.

Ботакөзге тән қасиеттер-адалдық, әділдік, білімге ұмтылу, жақынға жақсылығын аямау, арын таза ұстау, өмірге махаббатқа, жақсылыққа сену, досқа берік, дұшпанға қатал болу, әр істе батырлық, батылдық көрсету, үйренуден жалықпау-міне нағыз ұнамды кейіпкерге лайық осындай жақсы қасиеттер Ботакөздің басына орнаған.

«Ботакөз» романы-қазақ әдебиетін кезінде биік сатыға алғаш көтерген, бүкіл көп ұлтты кеңес әдебиетінің қазына қорына енген, көркемдік-идеялық нысанасы жоғары, кесек шығарма. Революция мен онан соңғы біраз дәуірдің шындығы романда социалистік реализм әдісімен терең талданып суреттелген.

«Ботакөз» романы көптеген шет тілдерге аударылған. Соның ішінде неміс, ағылшын, француз, поляк, чех тілдерінде басылып шықты. Ол халықтар «Ботакөзді» өз тілінде оқып, қазақ халқының революция қарсаңындағы өмір-тұрмысымен танысты.

Роман деп күрделі оқиғаны қамтып, адамдардың өзара қарым-қатынасын, сол оқиғаның (сюжеттің) өсіп-өрбу үстінде көрсететін, сөйтіп, белгілі мінез-құлқымен байқалатын кейіпкерлері бар, көркем шығарманы айтады. А. С. Пушкин-роман деп тарихи кезеңнің қиялдан баяндалып айтылуын ұғуға болады деген. Шынында да романда өмірдегі бар құбылыстар тізбегі, осыған байланысты көптеген жандардың өмір-тағдыры суретпен баяндалып, олар әр қырынан көрсетіледі. «Ботакөз» осы талаптарды ақтаған алғашқы роман болып қалды.

Ұлы Отан соғысынан кейінгі дәуірді қамтитын «Сырдария» романында С. Мұқанов негізінде еңбек адамдарының бейнесін жасады. Тақырыбы жағынан алсақ – күріш егу, жер суландыру, канал қазу. Кейіпкерлер осы істің айналасында көрініп, өздерінің ой-қиялдарын, мінез-құлықтарын байқатады. С. Мұқанов бұл туындысында соғыс ауыртпалығын мойымай көтеріп шыққан колхозшы шаруалардың бейбіт кезеңіндегі хал-ахуалын баяндап, еңбек ерлерінің іс-әрекетін көрсеткен.

Жазушы әсіресе, жастар образын ойдағыдай нанымды жасаған. Басты кейіпкер Айбарша белсенді, өз ісіне берік. Дәулет, Байжан сияқты жастар да шөл даланы суландырушы, екпінді колхозшылар. Бұларға бас болып, жол, жөн көрсететін Сырбай, Полевой сияқты алдыңғы буынның адамдары да мол тәжірибелі, іскер, еңбеккер жандар болып суреттеледі. Сырбай сушы болса, Полевой инженер. Бұл арада жазушы ескі дикан шаруа Сырбайдың өмірлік тәжірибесін оқыған, білімді маман Полевойдың инженерлік жазба-жорамалдарымен жақсы қабыстырған

Колхозшылар ақырында үлкен жеңіске жетеді: канал қазылып, мыңдаған гектар жер күріш егісіне айналатын болады. Романның осындай көкейкесті

тақырыпты көтергенін, Қызылорда маңында күріш егісін шұғыл молайту туралы мәселенің осы күнге дейін күн тәртібінен түспей келе жатқанынан аңғаруға болады. Жазушы еңбек сүйгіш жастардың есте қаларлықтай образдарын жасап, қазақ прозасын жаңа, жоғары бағалы романмен байытты.

С. Мұқанов әр кезеңде әр түрлі тақырыпта пьеса, либретто жазған. Олардың көпшілігі сахнада қойылып, жоғары баға алған. Солардың ең күрделісі-«Шоқан Уәлиханов» трагедиясы. С. Мұқанов 1954 жылы сахнада қойылған «Шоқан Уәлиханов» трагедиясында қазақтың тұңғыш ғалымы, ағартушы қайраткерінің өмірін, қызметін толық көрсетуге арналған ешқандай көркем шығарма болмайтын. Жазушының бұл пьесасы, біріншіден, ұлы ағартушының шындық образын жасап, бүгінгі қалың қауымды оның өміріментанвстырса, екіншіден, көркемдігі, идеялық тереңдігі жағынан жоғары дәрежеде жазылуы себепті қазақ драматургиясына үлес қосты.

Қазақ әдебиеті тарихының білгірі есебінде С. Мұқанов ұзақ жылдар орта және жоғары мектептерге арналған оқулықтар мен оқу құралдарын жасау ісіне қатынасады. 1930 жылы Б. Майлинмен бірігіп 4 сыныпқа арналған «Ана тілінің оқу кітабын» жазған. Кейін Қ. Бекхожинмен бірігіп жоғары сыныптарға арналған әдебиет хрестоматиясын құрастырған. Ұлы Отан соғысынан кейінгі жылдары Қ. Жұмағалиевпен бірігіп 9 сыныптың «Қазақ әдебиеті» оқулығын жазады. Жазушының аталған әдебиет тарихына қатысты кітаптарды да кезінде жоғары мектепке арналған оқулық есебінде туды

«XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті тарихының очерктері» оның КазПИ-де оқыған лекцияларының материалдары негізінде жазылған.

С. Мұқанов қазақ көркем сөзінің түзіліп, қалыптасу кезеңінен бастап, марқайған әдебиет болғанына дейінгі дәуірді басынан кешкен аса ірі қаламгер, мол рухани қазына жасаған мәдениет қайраткері. С. Мұқановтың гуманистік, патриоттық идеялары, арман-мұраттары біздің заманымызбен, бүгінгі ұлттық идеялармен толық үндес екенін және ешқашан мәнін жоймайтын жалпы азаматтық құндылықтармен де сабақтас екенін аңғара аламыз

СӘБИТ МҰҚАНОВТЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫ

1. Мұқанов, С. Көп томдық шығармалар жинағының бірінші томы. Өмір мектебі: роман. Бірінші кітап.- Алматы: Жазушы, 2002. - 464 б.
2. Мұқанов, С. Көп томдық шығармалар жинағының екінші томы. Өмір мектебі: роман. Екінші кітап.- Алматы: Жазушы, 2003.- 488 б.
3. Мұқанов, С. Таңдамалы шығармалар. Он алты томдық. Екінші т: Ботагөз: үш бөлімді роман.- Алматы: Жазушы, 1971.- 501,[3]б.

4. Мұқанов, С. Адасқандар: роман.- Астана: Елорда, 1999. - 309 бет.- (Алтын қор).
5. Мұқанов, С. Адасқандар: роман.- Алматы: Раритет, 2006.- 288бет.- (Қаз. прозасы қазанасынан).
6. Мұқанов, С. Алтын аймақ: повестер мен әңгімелер. - Алматы: Жазушы, 1988.- 368 бет: сурет.: портр.
7. Мұқанов, С. Асқақ арман.- Алматы: Жалын, 1982. - 28 бет.- (Кел, балалар, оқылық!).
8. Мұқанов, С. Әнші Балуан: естияр балалар үшін. - Алматы: Өнер, 1994.- 48 бет.- (Өнерпаз болсаң, арқалан).
9. Мұқанов, С. Ғажайып оқиғалар әлемінде.- Алматы: Қайнар, 1980.- 60 б.
10. Мұқанов, С. Қазақ қауымы: тарихтық және этнограф. шолу.- Алматы: Ана тілі, 1995.- 304 б.- (Ата мұраң - асыл қазынаң).
11. Мұқанов, С. Жарық жұлдыз: Абай Құнанбаевтың шығарма. туралы.- 2-ші бас.- Алматы: Санат, 1995.- 272 б.
12. Мұқанов, С. Қазақ қауымы: (тарихтық және этнографиялық шолу). – Алматы: Ана тілі, 1995.- 305 б.
13. Мұқанов, С. Мөлдір махаббат: роман.- Алматы: Атамұра, 2006.- 516,[4] б.- (Атамұра кітапханасы).
14. Мұқанов, С. Сұлушаш: роман мен повесть / құраст. Н. Ақбай.- Алматы: Атамұра, 2002.- 288 бет.- (Атамұра кітапханасы).
15. Мұқанов, С (1900-1973). Жазғы таң: өлең / бас редактор Ә. Нысанбаев // Екімыңжылдық дала жыры.- Алматы.- 2000. - 357-358 б.
16. Мұқанов, С. Патшаны қуған батыр: ертегі / сурет. Б. Тулкиев.- Алматы: Жалын, 1986.- 16 б.
17. Мұқанов, С. Халық мұрасы: тарихтық-этнографиялық шолу. – Алматы: Жазушы, 2002. – 304 б. - (Мектеп кітапханасы).

СӘБИТ МҰҚАНОВ ТУРАЛЫ ӘДЕБИЕТТЕР

18. Акажанова, А. Сәбит Мұқановтың ұлттық спортқа қосқан үлесі / А. Акажанова // Ұлағат. - 2007.- № 4 - 85-88 б.
19. Ақпанбет Ж. Сәбеңнің соңғы сапары / Ж. Ақпанбет // Парасат.- 2009.- № 4 - 5 б.
20. Ақыш, Н. Асыра сілтеу қалай асқынды?: [С. Мұқанов] / Н. Ақыш // Әдебиет айданы.- 2007.- 26 шілде. - 5 б.
21. Ақыш, Н. Тарихи адамдар бейнесі: [С. Мұқановтың "Өмір мектебі" мемуары бойынша] / Н. Ақыш // Қазақ тілі мен әдебиеті.- 2007.- № 7. - 49-54 б.

22. Ақыш, Н. Жеке тұлғаларға жете үңілген: [С. Мұқановтың "Өмір мектебі" атты мемуарлық трилогиясы бойынша] / Н. Ақыш // Жұлдыз.- 2008.- № 2. - 194-196 б.
23. Ахметжанова, Б. Сәбит Мұқановтың "Лашын" әңгімесі: 5 сынып / Б. Ахметжанова // Қазақ тілі мен әдебиеті.- 2007.- № 5. - 33- 36 б.
24. Ахметов, З. Сәбит Мұқанов және тарихи таным / З. Ахметов; құраст. М. Оразбек, М. Зәкиұлы // Ахметов, З. Таңдамалы. 1. Т: әдеби зерттеулер.- Алматы.- 2008. - 268-277 б. - (Мерейтойлық әдебиеттер).
25. Баешова, Б. Сәбит Мұқанов төрттағндарының ерекшелігі: [рубайилары] / Б. Баешова // Қазақ тілі мен әдебиеті.- 2007.- № 6. - 58-61 б.
26. Базарбаев, М. Ұстаз қаламгер: [Сәбит Мұқановтың өмірі мен шығармашылығы туралы] / М. Базарбаев // Базарбаев, М. Замана тудырған әдебиет.- Алматы, 2005. - 303-334 б.
27. Бейісқұлов, Т. Сәбит Мұқанов қалай аман қалды? / Т. Бейісқұлов // Жұлдыз.- 2009.- № 2 - 181-193 б.
28. Досанова, Қ. Алып ата төрінде: [мәдени мұра] / Қ. Досанова // Ұлан.- 2008.- № 38 (23 қыркүйек). - 6 б.
29. Жақсыбаев, А. Сабеңмен болған сол бір кез: [Сәбит Мұқанов туралы естелік / А. Жақсыбаев // Жақсыбаев, А. Жаны жайсаң жақсылар: Естеліктер, сапарлар, ой – толғамдар. - Алматы.- 2006. - 4-24 б.
30. Замана перзенті // Ысқақұлы, Д. Әдебиет алыптары.- Астана.- 2004. - 177-226 б.
31. Исмағұлова, Н. Қазақ әдебиетінің зерттеушісі / Н. Исмағұлова // Қазақ тілі мен әдебиеті.- 2009.- № 5. - 85-89 б.
32. Кеңестік дәуірдегі қазақ әдебиеті // Елікбаев, С. Оқушы анықтамасы. 5-11 сыныптар.- Астана.- 2005. - 222-293 б.
33. Кәкішұлы Т. Сәбит Мұқанов: әдеби - ғылыми ғұмырнама /Т. Кәкішұлы, К. С. Ахмет.- Алматы: Арда, 2005.- 304 бет + 8 бет: фот.- (Тарихи тұлға тағлымы).
34. Кәкішев, Т. Сан - қилы Сәбит Мұқанов / Т. Кәкішев, К. Ахмет // Алтын Орда.- 2006.- 2-8 маусым. - 22-23 б.
35. Кәрібаева, С. Таныс әрі бейтаныс метафора / С. Кәрібаева // Қазақ тілі мен әдебиеті.- 2009.- № 2. - 129-132 б.
36. Қажиақпарова, Р. Тарихи тұлға, оның әдебиеттегі көрінісі /Р. Қажиақпарова // Қазақ тілі мен әдебиеті.- 2003.- № 5.- Б. 56-61.
37. Қайырбеков, Ә. Тарлан талант тағдыры / Ә. Қайырбеков // Егемен Қазақстан.- 2006.- 1 ақпан. - 6 б.

38. Қарымсақова, Б. Атақты әнші, ақын Балуан Шолақ: [С. Мұқановтың "Балуан Шолақ" романы бойынша] / Б. Қарымсақова // Ұлағат.- 2007.- № 6. - 115-121 б.
39. Қирабаев, С. Ұстаз және ғалым: [Сәбит Мұқанов туралы] / С. Қирабаев // Қирабаев, С. Екі томдық шығармалар жинағы. 2. Т. Сын мақалар мен зерттеулер.- Алматы.- 1992. - 267-273 б.
